



Траволайф ТИМЬЯН БЕЗ САХАРА



Мемлекеттік тіркеу
туралы куәлік №:
KZ.16.01.98.003.E.000641.08.20

ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПА

Құрамы: әр пастилкасының құрамында:

Белсенді заттар:

Жөбіршөптің сығындысы
(Thymus vulgaris L.) 67,5 мг
Өгейшөптің сығындысы
(Tussilago farfara L.) 67,5 мг
20 шөптің сығындысы 5,0 мг
(мия тамыры, иманшөп жапырақтары, қара бүлдірген
жапырағы, жалбыз шөбі, түймедағы шөбі, эвкалипт
жапырағы, дәуаскөк жемісі, қара аюбадам гүлшесі,
исландиялық мүк, итмұрын жемістері, жеке гүлшесі,
гинандропсис шөбі, долана гүлшоғыры, қымызыгүл
гүлдері, сөлбен жапырағы, мыңжапырақ шөбі, наурызгүл
гүлдері, бөден жемістері, жаужапырақ шөбі, аюқұлақ
гүлшесі)

қосымша заттері: изомальтоза, табиғи бал хош
истендіргіші.

Құрамында тегілендіргіш бар. Шамадан тыс қолданған
кезде іш жүргізгіш әсер көрсетуі мүмкін.

ҚОЛДАНУ АЯСЫ:

жоғарғы тыныс алу жолдарының және көмейдің
қызметінің жағдайын жақсарту үшін қолданылады.

Жөбіршөптің сығындысының құрамында эфир майы,
шайырлар, тұтқыр заттар, флавоноидтар, фенолды
антиоксиданттар (зеаксантин, лютеин, нарингенин,
лютеолин, тимонин), ащы заттар, минералды тұздар,
түрлі қышқылдар (урсол, кофе, хин, тимун, олеон,
хлороген қышқылдары), шырыш, органикалық
пигменттер, калий, кальций, магний, темір, марганец,
мыс, мырыш, селен, барий, дәрумендер (А, В2, В6, С)
бар. Тітіркенген жұлдыруды тыныштандырады.
Антисептикалық қасиеттері бар.

Өгейшөптің сығындысының құрамында ащы гликозид
туссиялын, инулин, тұтқыр заттар, каротиноидтар,
стериндер, сапониндер, танин; аскорбин, алма, гал және
шарап қышқылдары, флавоноидтар (рутин, гиперозид,
кверцетин), минералды тұздар бар. Өгейшөп жоғарғы
тыныс жолдарына жақсы әсер етеді.

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:

ересектерге бір пастилкадан, күніне 2-6 рет, пастилканы
толық ерігенге дейін сору қажет.

100 г тағамдық құндылығы:

Ақуыздар	0 г
Майлар	0 г
Көмірсулар	100 г
Энергетикалық құндылығы	1000 кДж/240 ккал

ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕРІ:

- ББҚ құрамбөліктеріне асқан сезімталдық.
- 18 жасқа дейін.

ЕРЕКШЕ НҰСҚАУЛАР:

алуан түрлі үйлесімді тамақтануды алмастыру үшін
қолдануға болмайды. Ұсынылған тәуліктік мөлшерінен
асырмау қажет.

БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ: рецептсіз.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

құрғақ, балалардың қолы жетпейтін жерде,
5°С-тан 25°С-қа дейінгі температурада сақтау қажет.

ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚАПТАМАСЫ:

12 пастилкадан блистерде, 1 блистерден және 2
блистерден мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану
жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қаптамаға салынған.

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: 24 ай.

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі
өткеннен кейін қолдануға болмайды.

ӨНДІРУШІ:

STELLANUTRITION Sp. z o.o.,
ul. Kolejowa 10A-23-200
Красник, Польша

САУДА БЕЛГІСІНІҢ ИЕСІ:

BELINDALIMITED,
Astra House, Arklow Road, SE14 6EB,
Лондон, Ұлыбритания.

**ТҰТЫНУШЫЛАРДАН ШАҒЫМ-ТАЛАПТАРДЫ
ҚАБЫЛДАУҒА ӨКІЛЕТТІ ҰЙЫМ:**

«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)
ҚР, Алматы қ, Аль-Фараби даңғылы 7,
ЖК «Нұрлы Тау», блок 5А, офис 247
тел: +7 (727) 300 69 71,
e-mail: cepheusmedical@gmail.com